

БЕКІТЕМІН**«Отырар аудандық орталық ауруханасы»****ШЖҚ МКК-нің басшысы****Б.Әбдімәлік**

« _____ » 2025 ж

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша ұсынымдар	Іс-шара атауы	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі	Аяқтау нысаны
1	Кадрлық рәсімдерді жетілдіру Қызметкерлерді қабылдау және ауыстыру рәсімдерін ашық (Конкурстық негізде) жүргізу; Барлық бос лауазымдар бойынша жарияланымдар мен ішкі хабарландыруларды ұйымдастыру	Мекеме бұйрықтарында ҚР ЕК заңнама талаптры сақталмаған.	Шертаева П Дүйсебай Б	01.12.2025	Хаттамалық тапсырма
2	Ішкі бақылауды күшейту -Құжат айналымы мен кадрлық есептілікті бақылауға алу. Сонымен қатар «Кадрдың бірыңғай жүйесі» бойынша ақпараттандыру жүйесін енгізу	Мекеме бұйрықтарында негіздемлер дұрыс көрсетілмеген.	Шертаева П Дүйсебай Б	01.12.2025	Хаттамалық тапсырма
3	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары -Қызметкерлерге арналған арнайы оқыту курстарын ұйымдастыру (этика, мүдделер қақтығысы, жемқорлыққа қарсы саясат); Мүдделер қақтығысын болдырмауға бағытталған корпоративтік этика нормаларын енгізу және бақылау.	Мекеме қызметкерлері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылған	Шертаева П Дүйсебай Б	13.08.2025	Хаттамалық тапсырма

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Отырар аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК 2025 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтама.

Шәуілдір ауылы

08.07.2025 жыл

Кіріспе бөлім:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі-Ішкі талдау) жүргізу негіздеме.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2025 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығы.

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Отырар аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі-Кәсіпорын) басшысының Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2025 жылғы 25 маусымдағы №116-н/қ бұйрығы.

2. Ішкі талдаудың объектілері.

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Отырар аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ны мен оның барлық құрылымыдық бөлімшелерінің қызметі.

3. Ішкі талдау жүргізген жұмыс тобы.

Ж.Байназаров- басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары.

Б.Әбдірайым- кәсіпорынның жоспарлау және экономика бөлімінің басшысы.

Н.Нарымбетов- кәсіпорынның шаруашылық бөлімінің басшысы.

Б.Жаппарқұлов- Кәсіпорынның дәріхана бөлімінің меңгерушісі провизор.

Б.Дүйсебай- кәсіпорын заңгері (комплаенс офицері).

4. Ішкі талдау жүргізу мерзімі.

2025 жылдың 02 шілдеден – 13 тамыз аралығы.

5. Ішкі талдау қамтыған кезең.

2024 жылдың 8 айы және 2025 жылдың 8 айы.

6. Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау.

Ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеу болмады.

7. Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары.

Шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 қаулының талаптары сақталған.

Қазіргі таңда Кәсіпорында барлығы штат бойынша 752,5 қызметкер жұмыс жасайды.

8. Жұмысқа қабылданған, шығарылған, көтермелеген, төмендетілген, ауыстырылған қызметкерлер.

2024 жылы жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны 26 қызметкер, *(еңбек биржасы жалпы конкурс нәтижесі).*

2024 жылы жұмыстан шыққан қызметкерлер саны 23 қызметкер.

2025 жылы жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны 31 қызметкер, *(еңбек биржасы жалпы конкурс нәтижесі).*

2025 жылы жұмыстан шыққан қызметкерлер саны 26 қызметкер.

Денсаулық сақтау басқармасының кадрлық тағайындау мәселесіне ашық механизмді енгізуді.

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы өңірдегі денсаулық саласында сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын алдын алу басым бағыттарының бірі болып табылады.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы, облыстық цифрландыру, мемлекетік қызметтер көрсеті және архивтер басқармасы және «InGraft» ЖШС бірлесіп облыс аумағында денсаулық сақтау қызметкерлерін (оның ішінде жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары орта буынды медициналық қызметкерлер) адал, әділ және ашық негізде **Jumys SmartNation** порталы конкурстық іріктеу және жұмысқа қабылдау құралын ендіру 2023 жылдың наурыз айынан толық іске қосылған.

Осы жоба пилоттық режимде бір қатар медициналық кәсіпорындарда ендіріліп оң нәтижесін көрсетті.

Jumys SmartNation порталында конкурстық іріктеу және жұмысқа қабылдау 2 кезеңді қамтиды.

Медициналық мекеме бос орын туралы enbek.kz сайытына хабарландыру жариялайды, хабарландырудағы мекен-жай бойынша үміткер өз құжаттарын **Jumys SmartNation** порталына жүктейді. Портал автоматты түрде құжаттар жүктелген соң тестілеу күнін белгілейді.

1. **Кезең:-** тестілеу- үміткердің білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді, тест өту мәресі 60% (пайыздан) кем болмауы тиіс.

2. **Кезең:-** тесттен өткен үміткер әңгімелесу кезеңінде, тәжірибелік дағдыларын көрсетуге мүмкіндік алады.

Бұл процесс жоғарғы бәсекелестікке ие орта буын медициналық қызметкерлерінің жұмысқа орналасу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелін реттейтін бірден бір құралы болып табылады.

«Цифырлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында аудан бойынша медициналық ұйымдар толығымен компьютерлік техникамен қамтылды.

Аудан орталығы интернетке кіру мүмкіндіктері 100% құрайды, ауылдық округтерде интернет желісімен 95% қамтылған. Мемлекеттік және жекеменшік медициналық ұйымдар медициналық ақпараттық жүйесіне (әрі қарай- МАЖ) қосылған.

Аудан бойынша медициналық ақпараттық жүйесіне *(ДАМУМЕД, КӨМЕК)* қосылған.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы желтоқсан айының 03 жұлдызындағы №230/2020 бұйрығы бойынша пациенттерді қолдау және ішкі бақылау бөлімінің жылдық жоспары бойынша аурухана мен емхана саласы қызметтерін тексеру жұмыстары атқарылған.

Медициналық ұйымдар «Дамумед» және облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы «Көмек» ақпараттық жүйелерімен жұмыс жасауда «Дамумед» және «Көмек» МАЖ арасында және науқастарға сапалы әрі жедел медициналық қызмет көрсету мақсатында интеграциялау жұмыстары жүргізілген.

Дәрігерлер және орта буынды дәрігерлер медициналық ақпараттық жүйесімен жұмыс істеуге 100% оқытылған.

Сонымен бірге, МАЖ қолдана отырып, облысы тұрғындары түгелімен электронды паспорты қамтылған. Дәрігердің қабылдауына алдын ала жазылу, дәрігерлі үйге шақыру және медициналық анықтамаларды алу қызметтері электронды түрде атқарылады. Медициналық ұйымдар ішінара қағазсыз құжат айналымына көшіріледі. Емханада науқастарға цифрлық көмек көрсету посттары және өзін-өзі қызмет көрсету бұрыштары орнатылып, электронды түрде қызметтер алуда.

Қағазсыз құжат айналымы:- Медициналық ұйымдар ішінара құжат айналымына көшіріледі (*электронды нұсқаға ауыстырылған- Көлік құралдарын басқару рұқсат беру туралы медициналық анықтамаға- алдын ала медициналық тексерілуден өту, еңбекке жарамсыздығы туралы анықтама, еңбекке жарамсыздығы туралы парағы және т.б).*

Қазіргі уақытта барлық медициналық ұйымдарда Smart ECG жүйесі орнатылды.

Бұл Smart ECG жүйесі электро кардиограммаларды қашықтан шифрын шешуге мүмкіндік береді, сондай-ақ еңбек өнімділігін арттырады және медициналық мекемелердің шығындарын оңтайландыруға көмектеседі. Жүйенің өзектілігі Қазақстанның ауылдық жерлерінде және шалғай өңірлерінде кардиологтардың жетіспеушілігіне байланысты жұмысты оңтайландырады.

Қашықтықтан және консультациялық қызметтер көрсету негізінде аудан және қала орталықтарындағы медициналық ұйымдар телемедицина жүйесімен қамтылып, жұмыс жасауда, облыстық клиникалық аурухана деңгейінде консультациялар өткізіледі.

Медициналық ұйымдарда «Даму» ақпараттық технологиялар орталығы ЖШС-гі базасында қашықтықтан қызмет көрсету PACS жүйесіне қосылу, цифрлық медициналық ақпаратты, бейнелеерді өңдеу, сақтау және беру мақсатында PACS жүйесін енгізу жұмыстары жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

«Отырар аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша ұсынады.

1. Отырар аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлықтың алдын алу барысында, алдағы уақытта кәсіпорынның бұйрықтарында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің заңнама талаптары сақталмаған.

2. Мекеме бұйрықтарында негіздемелер дұрыс көрсетілмеген.
3. Мекеме қызметкерлері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылған.

Жұмысшы топтың жетекшісі




Ж.Байназаров


Жұмысшы топтың мүшелері



Б.Әбдірайым



Н.Нарымбетов



Б.Жаппарқұлов

Б.Дүйсебай

«Отырар аудандық орталық ауруханасы»

ШЖҚ МКК-ның басшысы



Б.Әбдімәлік.